

"Тәулік зоналары бойынша және (немесе) оны жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына арналған тарифтерді энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың саралау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 57-НҚ бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 7 қарашадағы № 349-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 8 қарашада № 7288 тіркелді

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тәулік зоналары бойынша және (немесе) оны жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына арналған тарифтерді энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың саралау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 57-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5602 нөмірмен тіркелген, «Заң газеті» газетінің 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 53 (1476) нөмірінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тәулік зоналары бойынша және (немесе) оны жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына арналған тарифтерді энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың саралау ережесінде:

31-тармақ бірінші бөліктен кейін мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Асыра тұтынғаны үшін ең жоғары тариф бойынша ақы алынатын электр энергиясын тұтынудың шамасын электр плиталарын пайдаланатын және пайдаланбайтын жасы бойынша зейнеткерліктегі жалғыз тұратын адамдар, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғалар үшін, жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үй-жайы (пәтері) бар аталған тұлғаларды қоспағанда, жергілікті атқарушы органның (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің) келісімі бойынша уәкілетті орган белгілейді.»

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің аумақтық органдары осы бұйрықтың 1-тармағының төртінші абзацында көзделген жағдайлар орын алған бұрын қабылданған шешімдерге өзгерістер енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Электр және жылу энергетикасы саласындағы реттеу департаменті (Қ.Т.Көккөзова) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Р.Е.Сүлейменова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен жариялауды және тиісті ақпаратты кейіннен Заң департаментіне (М.Ш.Мукушева) ұсынуды қамтамасыз е т с і н ;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.В.Шкарупаға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Н. Алдабергенов